

Қазақстан Республикасының Германия Федеративтік Республикасындағы елшілігінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 30 шілде 1993 ж. N 648

Қазақстан Республикасы Президентінің "Германия Федеративтік Республикасында Қазақстан Республикасының Елшілігін ашу туралы" 1993 жылғы 9 қаңтардағы N 1054 U931054_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Елшілігінің штат саны жылдық жалақы қоры 404055 АҚШ доллары сомасында жылдық жалақы қоры бар 25,5 адам мөлшерінде. <*>

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда берілген - ҚРМК-нің
13.04.1994 ж. N 384 қаулысына сәйкес.

2. Қазақстан Республикасының Германия Федеративтік Республикасындағы Елшісінің лауазымдық жалақысы 2050 АҚШ доллары мөлшерінде белгіленсін.

Елшілік қызметкерлерінің лауазымдық жалақысы штат кестесіне сәйкес ГФР-дегі Қазақстан Республикасы Елшісінің шетел валютасымен есептелетін жалақысына қарай белгіленсін.

3. Германия Федеративтік Республикасымен қатынастардың ерекше маңыздылығын , күрделілігін және жұмыс көлемінің көптігін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Елшісінің жалақысына оның шетел валютасымен есептелетін жалақысының 20 проценті мөлшерінде үстеме белгіленсін.

4. Елшілік қызметкерлеріне медициналық қызмет көрсету үшін

олардың АҚШ долларымен есептелетін жалақы қорының 2 проценті мөлшерінде аударым бөлінсін.

5. Қазақстан Республикасының ГФР-дегі Елшілігінің шығыс сметасы 1993 жылға 669,1 мың АҚШ доллары және 58566,9 мың сом болып бекітілсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1993 жылға арналған республика бюджеті мен Республикалық валюта қорында көзделген жоғарыда аталған мақсаттарға тоқсан сайын қаржы бөлуді қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК